# Қазақстан Республикасының Үкіметі мен халықаралық қаржы ұйымдары арасындағы әріптестік туралы негіздемелік келісімдерді іске асыру жөніндегі Үйлестіру Кеңесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2014 жылғы 9 маусымдағы № 632 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен халықаралық қаржы ұйымдары арасындағы әріптестік туралы негіздемелік келісімдерді іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес құрамда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен халықаралық қаржы ұйымдары арасындағы әріптестік туралы негіздемелік келісімдерді іске асыру жөніндегі Үйлестіру Кеңесі (бұдан әрі – Үйлестіру Кеңесі) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Үйлестіру Кеңесінің жұмыс органы болып айқындалсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.